

Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы есебі

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанындағы 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (8D01503 – Информатика педагогін даярлау) бағыты бойынша диссертациялық кеңес 2024 жылғы 01 ақпанынан бастап жұмыс жасайды.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

Диссертациялық кеңес 2025 жылы 5 отырыс өткізді, оның 3-еуі ұйымдастырушылық сипатта (хаттама №1,2 12.05.2025ж., хаттама №3 12.06.2025ж.), 2-еуі диссертацияны қорғауға (хаттама №4,5 20.06.2025ж.) арналған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – жоқ.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі:

1) Бедебаева Майра Ерсұлтановна - Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

2) Нахипова Венера Исмаиловна - Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

4. Есепті жыл ішінде Кеңесте қараған диссертациялардың келесі бөлімдерін бөліп көрсете отырып, қысқаша талдау:

4.1. М.Е.Бедебаеваның диссертациялық жұмысы

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау.

М.Е.Бедебаеваның диссертациялық жұмысы мектепте информатиканы ағылшын тілінде оқытуда аралас оқыту технологиясын қолдану мәселелеріне арналған. Зерттеу нәтижесінде аралас оқыту және CLIL технологияларын интеграциялау моделі ұсынылып, оның тиімділігі дәлелденген.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. 4. Елдің зияткерлік әлеуеті. Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.

Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландырылған Жас ғалым 2023-2025 жобасының «AP19175370 - Орта мектепте информатиканы аралас оқытуды жүзеге асыру үшін геймификация элементтері бар ақпараттық-білім ортасын әзірлеу» атты зерттеу жұмысы аясында жалғастырылып орындалған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы аралас оқыту жағдайында информатика курсын ағылшын тілінде оқытуға арналған оқу материалдары мен

тапсырмалар жүйесін әзірлеуде көрініс табады. «Информатиканы оқытуда CLIL технологиясын қолдану» атты оқу-әдістемелік құрал және ақпараттық білім ортасы жасалып, оқу процесіне енгізілді. Алдын ала тиімді деп анықталған аралас оқытудың «Төңкерілген сынып» және «Бекет ротациясы» модельдерін CLIL технологиясымен интеграцияланған сабақты өтудің әдістемесі ұсынылды. Ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтау мақсатында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Нәтижесінде аралас оқыту мен CLIL технологияларын интеграциялау арқылы сабақтар жүргізілген топтарда білім алушылардың пәндік білімі мен тілдік құзыреттері арта түскені анықталды.

4.2. В.И. Нахипованың диссертациялық жұмысы

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау.

В.И. Нахипованың диссертациялық жұмысы білім алушылардың академиялық үлгерімін болжауда машиналық оқытуды қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауға арналған. Зерттеу білім беру жүйесінде деректерді талдау мен болжау технологияларын тиімді қолдану арқылы оқу процесінің сапасын арттыруға бағытталған. Жұмыста білім алушылардың үлгерімін болжау модельдерін құрастыру, машиналық оқытудың алгоритмдерін бейімдеу, болжау нәтижелерін оқу үдерісіне интеграциялау мәселелері ғылыми тұрғыдан негізделген.

Зерттеу білім алушылардың оқу жетістіктерін деректерге негізделе отырып талдауға және болжауға мүмкіндік беретін интеллектуалдық білім беру ортасын құру міндетін шешуге бағытталған.

2) Диссертациялық тақырыптың “Ғылым және технологиялық саясат туралы” ҚР Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкестігі

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық дамуының басым бағыттарына толығымен сәйкес келеді. Атап айтқанда, 4-басым бағыт – Елдің зияткерлік әлеуеті. Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.

Зерттеу нәтижелері білім беру саласындағы аналитикалық және интеллектуалдық технологияларды дамытуға үлес қосады және Қазақстандағы білім сапасын бағалау мен басқарудың жаңа ғылыми негізделген тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған.

3) Диссертация нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары, себебі жұмыс нәтижесінде:

- білім алушылардың академиялық үлгерімін болжауға арналған машиналық оқытуға негізделген ақпараттық-талдау жүйесінің ғылыми-әдістемелік негіздері анықталды;
- үлгерімді болжаудың интеллектуалдық моделі әзірленді;

- болжау нәтижелерін оқу процесін жоспарлау, жеке білім траекторияларын қалыптастыру және тәуекел топтарын анықтау үшін қолданудың әдістемесі жасалды;

- деректерді жинау, өңдеу және болжау алгоритмдерін іске асыратын ақпараттық құралдар кешені ұсынылды;

- оқу процесіне енгізуге болатын аналитикалық модуль және диагностикалық әдістемелер әзірленді;

- модельдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, алынған нәтижелер зерттеу болжамдарының дұрыстығын растады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер диссертация мен жарияланымдарды зерделеу негізінде жан-жақты талдау жүргізді және диссертациялық Кеңес туралы үлгілік ереженің 5- қосымша нысанына сәйкес құзыретті пікірлер ұсына отырып, өздерінің жоғары кәсибилігін көрсетті.

5.1. М.Е.Бедебаеваның докторлық диссертациясы бойынша ресми рецензенттер:

1) Мукашева Манаргуль Умирзаковна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы, Астана қ., Қазақстан, (мамандық шифры: 13.00.02);

2) Кажиақпарова Жадыра Сериковна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., Қазақстан (мамандық шифры: 13.00.02).

5.2. В.И. Нахипованың докторлық диссертациясы бойынша ресми рецензенттер:

1. Курманғалиева Нургуль Айтбаевна - философия докторы (PhD), Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D011100-Информатика);

2. Ниязова Гулжан Жолаушиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, (Түркістан қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар:

1. Жас ғалымдарға арналған гранттар мен стипендияларды көбейту.

2. Жас ғалымдардың ғылыми мақалаларын жариялау үшін арнайы журналдар мен платформалар құру.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының):

Қорғауға қабылданған диссертациялар – 2;

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) - жоқ;

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы



Ибашова А.Б.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Белесова Д.Т.

19.12. 2025 ж.